

№ 2 хаттамадан көшірме

Мектепшілік қамқоршылық кеңес отырысы

Өткізілген уақыты: 03.05.2024ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері 10 адам

Әкімшілік шақырылумен: Гимназия директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,
мектептің әлеуметтік педагогі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі.

Гимназия директоры Г.Ж.Дарибаева

2. Балалардың жазғы сауықтыру демалысының ұйымдастырылуы.

Әлеуметтік педагог Ш.

Тыңдалды:

Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.П.Шынтасова қамқоршылық кеңесінің отырысын ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселелермен толық таныстырып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін гимназия директоры Г.Ж.Дарибаеваға берді.

Сөз алды:

Г.Ж.Дарибаева – гимназия директоры.

2023-2024 оқу жылының III тоқсаны бойынша оқу-тәрбие процесінің қорытындысы бойынша мәліметтер берді:

Гимназияда балалардың сапалы білім алуы, өздерін жайлы сезінулері үшін барлық жағдай жасалынуда. Тәрбие басы білім алушыға эстетикалық жағдай жасаудан және тазалықтан басталады, тек жайлы, жылуы мол ортада ғана біз рухани бай адам тәрбиелей аламыз. Сондықтан мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтудағы орасан жұмыстар оқу процесінің ең басты қатысушылары - балалар үшін жасалады. Гимназия әкімшілігі білім ордасын тек жақсы күтімді ғимарат қана емес, сонымен қатар білімнің, сұлулық пен мейірімділіктің мекеніне айналуына жоспарлы жұмыстар жүргізуде.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру ұйымдары жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне көшті. Яғни, мектепті мектептің материалдық - техникалық базасын нығайтуға республикалық бюджеттен қаражатты бөлу, игеруде мектептің өзі рөл атқаратын болды.

2023 жылдың қаңтарынан мектептің жұмысын қамтамасыз ету үшін РБ және ЖБ есебінен 1037650,0 мың теңге көлемінде қаражат қарастырылды. Атап айтқанда ол қаражаттың ішінде: Жалақы қорына - 791229,0 мың теңге;

-Коммуналдық төлемдерге - 35000,0 мың теңге;

-Интернет байланысы үшін - 1830,0 мың теңге ;

-Аз қамтылған отбасында тәрбиеленетін 57 балаға қысқы киім (күртеше, аяқ киім), спорттық киім, оқу құралдары мен рюкзак сумкалар (38849,0 мың теңгеге) алынып әлеуметтік қолдау мақсатында қамтамасыз етілді.

-Мектептің өзге қызметтеріне (дезинфекция, қоқыс шығару, мед.тексеру, ішнара жөндеу, антивирус, білім лэнд, парус бағдарламаларына) - 29878,7 мың теңге;

- шаруашылық қажеттілікке (ветошь, А4 қағазы, тепловизор, краска, коврик және т.б) - 3068,0 мың теңге.

Материалдық техникалық базаны нығайтуға – 10130,5 мың теңге оның ішінде:

- Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандус орнату үшін - 1440,0 мың теңге,
Жаңа үлгідегі парта -5705999,40

Бейнебақылау орнату, теледидар, кронштейн, монитор – 3200000,00

Жарықтандыру – 109514,00

Автомат, винтовка – 488000,00

Бинокль – 27000,00

Лед экран – 3800000,00

2023 жылға бөлінген қаражат 100% игерілді.

2024-шы жылда мектептің жұмысын қамтамасыз ету үшін РБ және ЖБ есебінен 1159566,00 мың теңге қаражат бөлініп отыр.

Материалдық техникалық базаны нығайтуға - 31903,0 мың теңге қарастырылды, оның ішінде 2024 жылдың 1 тоқсанында : - шаруашылық қажеттілікке (А4 қағазы, водаэмульсия, хлор, шаруашылық заттарына және т.б) - 5052,0 мың теңге,

Оқушыларға арналған парта – 9466800,00

Флаг – 55440,00

Сварка аппараты – 110630

Турникет – 4999999,98

Кондиционер 972048,00

Фонтан – 756792,00

«Ақылды тақта» 11999904,00 теңгеге орнатылды, білім алушылар өздеріне керек мәліметтерді кюар код арқылы тақтадан алуларына болады;

Сонымен қатар оқушыларға денешынықтыру пәніне арналған

(доптар,граната,обруч,скакалка,ракетка) секілді көптеген ойын түрлері алынды.

Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезобтың «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген нақылы еліміздің ертеңі - жас ұрпағынды жақсылап өсір деген сөзі. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала кайдан болады» деп, А.Байтұрсынов айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары. Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелеу, еліміздің ертеңі болар жас ұрпақты қамқорлықпен аялап өмірдің түрлі соқпағынан тайсалмай өтетін қажырлы, қайсар, елінің патриоты етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын! Алдағы уақытта да гимназия білім алушылары үшін жағдайлар жасау мақсатындағы даму жоспары құрылды.

Сөз алды:

Екінші мәселе бойынша гимназияның әлеуметтік педагогы Ш.Ботабасова оқушылардың жазғы демалысы бойынша айтып өтті.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 11 – қосымшасына сәйкес, қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін 5 санат бойынша құжаттар қабылданады. Қазіргі уақытта қала сыртындағы лагерьге конкурс болып жатыр. Қала сыртындағы лагерьге күн көріс деңгейі төмен, атаулы әлеуметтік көмек алатын және қамқорлықтағы 13 оқушы бару жоспарланды. Әр оқушыға 90 000 теңгеден, жалпы 1 170 000 теңге (бір миллион жүз жетпіс мың теңге) қаражат қарастырылып отыр. Ата – аналардың сұрауы бойынша 80 оқушыға арналған ақылы түрде мектепшілік лагерь ұйымдастырылады. Осы мектепшілік лагерьге жекелеген санат бойынша 11 оқушы анықталып отыр. Гимназия жанынан 4 бағыттағы жазғы ойын алаңы ұйымдастырылады, 120 оқушы қамтылады.

Қамқоршылық кеңес қаулысы:

1. 2023-2024 оқу жылының оқу- тәрбие процесінің қорытындысы «қанағаттанарлық» деп саналсын.
2. 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы мектеп жанындағы лагерь және ойын алаңдары сапалы ұйымдастырылсын.
 1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: С.П.Шынтасова
 2. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Р.О.Байлиева
 3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Г.К.Бадрашова
 4. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Е.К.Сундетов

5. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Н.Таниязова
6. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ж.С.Шерімбетов
7. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.М.Карибаева
8. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі С.С.Байгазина
9. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.А.Муратова
10. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ф.М.Тулєпова

Хатшы: Ш.Ботабасова

